aigakmedia Instagram · Айғақ Медиа facebook · Айғақ ТВ YouTube

RESPÝBLIKALYQ APTALYQ GAZET

# АЙҒАҚ MEDIA

16+

№ 01-02
/sarsenbi/
22 qańtar
2020 жыл

Gazet Qazaqstan Jýrnalıstıka Akademıasynyń "Altyn Jýldyz", Qazaqstan Jýrnalıster odaǵynyń Turar RYSQULOV jáne Sattar ERÝBAEV atyndaqy syılyqtarynyń, "Altyn júrek" syılyǵynyń ıegeri

www.aigak.kz

*Jańǵyrý - tarlan tarıhtyń,*
*jasampaz búgingi kún men*
*jarqyn bolashaqtyń kókjıekterin*
*úılesimdi sabaqtastyratyn*
*ult jadynyń tuǵyrnamasy*
Nursultan NAZARBAEV,
Qazaqstan Respýblıkasynyń Tuńǵysh Prezıdenti-Elbasy

## ӘБУ НАСЫР ӘЛ-ФАРАБИДІҢ ТУҒАНЫНА – 1150 ЖЫЛ!

*Біз бір мейман бұл жайда*
*аз-ақ күндік,*
*Болымсызға таласып*
*күн өткіздік.*
*Анталасып, аптықпа*
*тар қапасқа,*
*Адамға әлем мекен -*
*ол мәңгілік!...*
*(Аударған: А.Машанов)*



## АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫНЫҢ ТУҒАНЫНА – 175 ЖЫЛ!

*Күн артынан күн туар,*
*Бір күн дамыл еткізбес.*
*Ой артынан ой туар,*
*Желге мінсең жеткізбес!*




# ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ҰЛЫ ТҰЛҒАЛАРЫ

**Биыл елімізде «Әлемнің екінші ұстазы» атанған Әбу Насыр Әл-Фарабидің 1150 жылдығы ЮНЕСКО көлемінде аталып өтеді. Сонымен қатар, Мемлекет басшысының Жарлығымен ұлы ақын Абай Құнанбайұлының 175 жылдық мерейтойы тойланады. Осы негізде қос бірдей мерейтойды жоғары ұйымдастырушылық және мазмұндық деңгейде мерекелеуді қамтамасыз ету мақсатында мемлекеттік комиссия құрылып, жоспарға дайындық жұмыстары жүргізілуде.**

Әбу Насыр әл-Фараби 870 жылы сол кезде дүние жүзіндегі ірі қалалардың бірі болған Отырарда дүниеге келген. Әл-Фарабидің ілім-білімге деген алғашқы ынтасы, ғылыми ойының алғашқы ұшқындары туған жері Отырарда, оның тамаша кітапханасында пайда болды. Кейіннен ол Шаш, Самарқан, Бұхара, Хорасан, Бағдат, Дамшық (Дамаск), Каир қалаларына барып6 білімін тереңдете түсті. 950 жылы Дамшық қаласында дүниеден озды. Әл-Фараби Аристотельден кейінгі дүние жүзі білімі мен мәдениетінің екінші ұстазы атанған данышпан, энциклопедист ғалым, астрономия, астрология, математика, логика, музыка, медицина, табиғаттану, социология, лингвистика, поэзия, риторика, философия ғылымдарын меңгеріп, 200-ге жуық трактаттар жазған. Оның «Данышпандықтың інжу-маржаны», «Ақылдың мәні туралы трактат», «Ғылымдардың шығуы», «Аристотель еңбектеріне түсіндірме» тектес трактаттары арқылы ғаламдық ойдың дамуына өзінің қомақты үлесін қосты. Сондықтан да, халық оны «Шығыстың Аристотелі» атап кеткен. Мемлекет және қоғам қайраткері Қуаныш Айтаханов Әл-Фараби сынды ұлы ғұлама есімінің өз Отаны – қазақ топырағына қайта оралуына үлкен ғалым, академик Ақжан Машанов еңбегі орасан екендігін айтады. «А.Машанов 1958 жылдан бастап Лондон, Каир, Париж, Берлин, Лиссабон, Бейрут, т.б. қалалардың ең ірі кітапханаларына хат жазып, әл-Фарабидің шашырап жатқан мұраларын жинастырып, оның 160 еңбегінің библиографиясын тауып алады. 1961 жылы әл-Машанидің республика Ғылым академиясы хабаршысының №5 санында «Әл-Фараби және оның мұралары» деген алғашқы мақаласы шығады. Бұған дейін қазақ топырағында әл-Фараби туралы ешкім айтпаған еді. 1962 жылы «Білім және еңбек» журналының бірінші санында әл Машанидің әл-Фараби туралы мақаласы жарияланды. Онда төрткүл дүние түгел мойындаған әл-Фараби жайында түсініктеме беріліп, оның қазақ топырағынан шыққан біздің бабамыз екендігі бірінші рет айтылды, - дейді Қ.Айтаханов.

Мерейтойлық жыл күнтізбесіне әлемде кең тараған Абай еңбектерінің тұсаукесері, белгілі абайтанушы-ғалымдардың, шығармашылық және ғылыми зиялы қауым өкілдерінің қатысуымен Париждегі ЮНЕСКО штаб-пәтерінде халықаралық ғылыми-практикалық конференция, Кэмбридж университеті музейіндегі іс-шаралар секілді ауқымды жобалар енді. Халықаралық іс-шаралар қатарында Мәскеуде өткізілетін салтанатты жиын мен Үлкен театрда қойылатын «Абай» операсы жоспарланған. Бұл туралы Абай Құнанбайұлының 175 және Әбу Насыр Әл-Фарабидің 1150 жылдық мерейтойларын дайындау және өткізу жөніндегі мемлекеттік комиссиялардың отырысында белгілі болған еді. Мерейтой аясында Абайдың «Жидебай-Бөрілі» мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық музей-қорығын музеефикациялау және ақын есімімен байланысты тарихи-мәдени мұра объектілеріне ғылыми-реставрациялау жұмыстарын жүргізу қарастырылған. Ұлы ойшыл жырлаған адамгершілік құндылықтарын кеңінен насихаттау мақсатында барлық оқу орындарында Абайдың туындыларын мәнерлеп оқу және мазмұндау бойынша ашық сабақтар мен байқаулар өткізіледі. Жастарды мерейтойлық шараларға жаппай тарту мақсатында фестивальдер, биенналелер, инсталляциялар, перфомансатар және өзге де креативті іс-шаралар өткізу көзделіп отыр. Әбу Насыр Әл-Фарабидің 1150 жылдық мерейтойын дайындау және өткізу жөніндегі жалпыреспубликалық жоспарда ұлы философтың мұрасын зерделеп, мәнін түсінуге бағытталған 50-ден астам іс-шара қамтылған.

Сонымен қатар, Елордада ЮНЕСКО, ТҮРКСОЙ және ИСЕСКО аясында «Әл-Фараби және әлемдік өркениет» атты халықаралық ғылыми симпозиум өткізілетін болады.

Түркістан облысында арт-фестиваль ұйымдастырылып, оның аясында қолөнершілердің жәрмеңкелері, ұлттық ойындар бойынша жарыстар мен мерекелік концерттер өткізілмек.

Әл-Фарабидің мерейтойы аясында ЮНЕСКО-ның атсалысуымен гуманитарлық білім саласындағы әлемнің жетекші сарапшылары қатысатын халықаралық конференция өткізу жоспарланған.

Республикалық «Айғақ» газеті алдағы уақытта Ұлы даланың ұлы тұлғаларының еңбектерінен әр басылымда үзінді жариялап отыратын болады.

**Салтанат ТОЙБОЛОВА**



# АБАЙ - ҰЛТТЫҚ БОЛМЫСТЫҢ ҮЛГІСІ

2020 жылдың 9 қаңтарында Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Абай және XXI ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласы жарияланды. Иә, Биыл Абай Құнанбайұлының туғанына 175 жыл толады. Халқымыздың ұлы перзентінің мерейтойын лайықты атап өту үшін, арнайы құрылған комиссия дайындық жұмыстарын бастап кетті. Мемлекет көлемінде және халықаралық деңгейде ауқымды іс-шаралар ұйымдастыру жоспарланып отыр. Бірақ, мұның бәрі той тойлау үшін емес, ой-өрісімізді кеңейтіп, рухани тұрғыдан дамуымыз үшін өткізілмек.

Абай Құнанбайұлы ғұлама, ойшыл, ақын, ағартушы, ұлттың жаңа әдебиетінің негізін қалаушы, аудармашы, композитор ретінде ел тарихында өшпес із қалдырғаны сөзсіз. Оның өлеңдері мен қара сөздерінде ұлт болмысы, бітімі, тұрмысы, тіршілігі, дүниетанымы, мінезі, жаны, діні, ділі, тілі, рухы көрініс тауып, кейін Абай әлемі деген бірегей құбылыс ретінде бағаланды.

Өткен жылы Абайдың шығармаларынан үзінді оқу эстафетасы өтті. Ләйлім атты оқушы қыз ұсынған бұл елдік шараға мен де қатысып, қолдау көрсеттім. Мектеп оқушыларынан ел азаматтарына, тіпті, әлемдік деңгейдегі танымал тұлғаларға дейін зор қызығушылық танытып, лезде іліп әкеткен бұл бастама бірнеше айға ұласты.

Соның арқасында бүкіл Қазақстан Абай мұрасын тағы бір зерделеп шықты. Бұл – Абайға деген құрмет әрі ұрпақты тәрбиелеудің тиімді тәсілі. Абай жырларын оқу челленджі биыл, ақын мерейтойы тұсында жаңаша жанданады деп сенемін.

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында қоғамдық сананы қайта түлетудің маңыздылығы туралы айтты. Ұлттық сананы сақтау және оны заман талабына бейімдеу мемлекеттік маңызы бар мәселеге айналды. Өйткені, сананы жаңғырту арқылы XXI ғасырда еліміздің тың серпінмен дамуына жол ашамыз.

Осы орайда Абай мұрасының тигізер пайдасы зор деп есептеймін. Ұлы ақынның шығармалары бүгін де өзектілігін жоғалтқан жоқ. Абайдың ой-тұжырымдары баршамызға қашанда рухани азық бола алады.

Сондықтан, ұлтымызды жаңғырту ісінде оның еңбектерін басшылыққа алып, ұтымды пайдалану жайын тағы бір мәрте ой елегінен өткізген жөн.

Мен бұл мақалада Абай сөзінің бүгінгі заманымыз үшін көкейкестілігі, ақын шығармаларынан халқымыз қандай тағылым алуға тиіс екендігі жөнінде жұртшылықпен ой бөлісікім келеді, - деген мемлекет басшысы ұлы ақынды «Ұлттық болмыстың үлгісі», «Мемлекет ісінің мүддeлісі», «Жаңа қоғамның жанашыры», «Әлемдік мәдениеттің тұлғасына» теңей отырып, Торқалы тойдың тағылымын тарқатты. Осы тұста, Қазақстан Республикасы Президентінің

Жалғасы 3-ші бетте

## Тағайындау



### Мұрат ӘЙТЕНОВ -

*Шымкент қаласының әкімі*

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен Мұрат Дүйсенбекұлы Әйтенов Шымкент қаласының әкімі болып тағайындалды.

Мұрат Дүйсенбекұлы 1981 жылы туған, білімі жоғары. Еңбек жолын Астана қаласында 2004 жылы ҚР Қорғаныс министрлігі жанындағы арнайы байланыс бөлімінің кезекшілік ауысымының аға инженер-бастығы болып бастаған. 2006-2008 ж.ж. – ҚР ПІБ «Астана-Өнім» АҚ шаруашылық ауласының меңгерушісі, 2008-2010 ж.ж. – ҚР ПІБ ведомстволық қарасты ұйымдарды басқару жөніндегі бөлімнің өндірістік қызметті үйлестіру секторының сарапшысы, 2010-2012 ж.ж. – ҚР Президенті Іс Басқармасының ресми іс-шаралар және сыртқы байланыстар бөлімі меңгерушісінің орынбасары, 2012-2019 ж.ж. – ҚР Президенті Іс Басқармасының ресми іс-шаралар және сыртқы байланыстар бөлімінің меңгерушісі, аппарат басшысы, ҚР Президенті Іс Басқарушысының орынбасары және 2019 жылдың желтоқсан айынан Шымкент қаласы әкімінің бірінші орынбасары болып қызмет атқарды.

### Әбілқайыр СҚАҚОВ -

*Павлодар облысының әкімі*



Мемлекет басшысының Жарлығымен Болат Жұмабекұлы Бақауов Павлодар облысының әкімі қызметінен босатыла отырып, Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Тоқаевтың Жарлығымен Әбілқайыр Сқақов Павлодар облысының әкімі қызметіне тағайындалды. Ақорда сайтында жарияланған Ә.Б. Сқақовты Павлодар облысының әкімі қызметіне тағайындау туралы Жарлық мәтінінде "Әбілқайыр Сқақов Павлодар облысының әкімі қызметіне тағайындалсын» делінген.

Әбілқайыр Бақтыбайұлы - 1974 жылы Павлодар облысында дүниеге келген. Білімі: 1995 ж. – Ақмола қаржы-экономика техникумын «Салықтар қаржыгері» мамандығы бойынша тәмамдаған. 2000 ж. – Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университетін «Қаржыгер және экономист» мамандығы бойынша бітірген. 2004 ж. – Қазақ құқықтану және халықаралық қатынастар институтын бітірген. 2017 ж. – М. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетін тәмамдаған, Master of Business Administration іскери әкімшілдендіру шебері дәрежесіне ие. Еңбек жолы: 1995-1998 жж. – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Павлодар облысы бойынша салық инспекциясы жанама салықтар бөлімінің маманы. 1998-1999 жж. – Павлодар облысы бойынша салық комитеті ірі салық төлеушілердің салық аудиті бөлімінің бас салық инспекторы. 1999-2000 жж. – Павлодар облысы бойынша салық комитеті ірі салық төлеушілердің салық аудиті бөлімінің басшысы. 2000 ж. – Павлодар облысы бойынша салық комитетінің тіркелмеген салық төлеушілермен жұмыс бөлімінің басшысы. 2000-2001 жж.–Павлодароблысы бойынша салық комитеті төлемдерді талдау, болжалдау және есепке алу бөлімінің басшысы. 2001-2005 жж. – Павлодар облысы бойынша салық комитеті төрағасының орынбасары. 2005-2006 жж. – ҚР ҚМ СК Павлодар облысы Қашыр ауданы бойынша салық комитетінің төрағасы. 2006-2008 жж. – Павлодар облысының денсаулық сақтау департаментінің экономикалық мәселелер бойынша директордың орынбасары. 2008-2010 жж. – Павлодар облысы бойынша салық департаментінің Павлодар қаласы бойынша салық басқармасының басшысы. 2010-2012 жж. – Қазақстан Республикасы қаржы министрлігінің салық комитетінің Қостанай облысы бойынша салық департаменті бастығы. 2012-2014 жж. – Қазақстан Республикасы қаржы министрлігінің салық комитеті төрағасының орынбасары. 2014-2016 жж. – Астана қаласы бойынша мемлекеттік кірістер департаментінің басшысы. 2016-2019 жж. – ҚР Қорғаныс министрінің орынбасары. 2019 жылдың 25 сәуірінен - Қаржы министрлігінің қаржы мониторингі комитетінің төрағасы қызметін атқарған.


## *Құттықтаймыз!*

Шымкент қаласы әкімдігінің «№1 Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығы» КММ-нің басшысы, «Құрмет» орденінің иегері, Төлеби ауданының «Құрметті азаматы» **ЕШЕНҚҰЛ НҰРҒАЛИ ІЛГЕРБАЙҰЛЫН** туған күнімен шын жүректен құттықтаймыз!

*Қашан да аспаныңыз ашық, жүзіңіз жарқын, шаттық-қуанышыңыз мол болсын дейміз. Жұлдызыңыз жоғары, еңбегіңіз бағалы, мәртебеңіз биіктей берсін.*


## Назар салыңыз!

# ЕЛБАСЫ ҚОРЫ ҮКІМЕТПЕН БІРЛЕСІП, САЛАЛЫҚ МЕНЕДЖЕРЛЕРДІ ДАЯРЛАУ БАҒДАРЛАМАСЫН ІСКЕ АСЫРУҒА КІРІСЕДІ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

Елбасы қоры Қазақстан Үкіметімен бірлесіп салалық менеджерлерді даярлау бағдарламасын іске асыруға кіріседі

Бағдарлама Елбасының «Ел үміті» бастамасы аясында әзірленген және «100 нақты қадам» Ұлт жоспарын, сондай-ақ Қазақстан Президенті Қ. Тоқаевтың экономика мен әлеуметтік саланы мемлекеттік басқаруда жаңа тәсілдерді енгізу қажеттігі туралы тапсырмасын сапалы орындауға бағытталған, деп жазады Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Баспасөз Қызметі.

Бағдарламаны Тұңғыш Президент қоры Үкіметпен және АХҚО-ымен бірлесіп жүзеге асырады. Оның басты мақсаты — салалық кәсіби тұлғаларды табу және оларды экономиканың басымдықты салаларында өзгерістерді басқаруда көшбасшылар ретінде одан әрі даярлау.

Мәселен, 2019 жылы 27 қарашада талантты жастармен өткен кездесуде ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасы Н. Ә. Назарбаев экономиканың түрлі салаларында кәсіби мамандардың қалыптасуының маңыздылығын атап өтті.

«Басты талап – ең үздік білім мен әлемнің жетекші компанияларында тәжірибе жинау ғана емес, командада жұмыс істей білу, күрделі міндеттер үшін жауапкершілік ала білу және оларды соңына дейін жеткізе білу. Бағдарлама бойынша іріктелген әрбір маман өзгерістер басқару менеджеріне дейінгі оқытудан өтеді», — деді Елбасы.

Бағдарламаның өзектілігі Мемлекет басшысы алға қойған мемлекеттік басқарудың жаңа моделін қалыптастыру бойынша міндеттер аясында арта түседі. Ел Президенті Қ. Тоқаев «бізге түрлі салаларда жаңа формациядағы басқарушылар командасы керек» деген болатын.

Бағдарлама қазақстандық кәсіби мамандарды мемлекеттік басқаруға тарту үшін қосымша жағдайлар жасайды. Бұл ретте, азаматтардың мемлекеттік аппаратпен ынтымақтастығының жаңа форматтары ұсынылады, бұл оларды міндетті түрде мемлекеттік қызметте лауазымға ие болуға тартуды көздемейді.

Бағдарлама аясында бірінші кезеңде сауда және логистика, құрылыс, ауыл шаруашылығы, геологиялық барлау және өнеркәсіп (соның ішінде – жаңа индустрия), су ресурстары, өңірлік даму және қалаларды басқару, туризм, мәдениет және спорт, білім беру, денсаулық сақтау және медиаиндустрия секілді 11 саладағы нақты міндеттерді жүзеге асыруға 200 қазақстандық кәсіби маманды тарту көзделген.

Бағдарламаға қатысуға мемлекеттік және жекеменшік секторда жұмыс істейтін, соның ішінде шетелде тұратын, табысты практикалық тәжірибесі, кәсіби білімі және ең бастысы – мемлекеттің өркендеуіне жеке үлесін қосуға ниеті бар ҚР азаматтары шақырылады.

Бағдарламаға қатысу үшін үміткерлердің өтінімдерін қабылдау 15 қаңтарда басталды. Салалық командаларды іріктеу және қалыптастыру процесі осы жылдың 15 наурызына дейін аяқталады. Бұл жұмыспен арнайы тәуелсіз комиссия айналысады. Кандидаттарды бағалауға, іріктеудің объективтілігі үшін халықаралық сарапшылар тартылатын болады. Бағдарламаға қатысуға өтінім беру үшін cv@elumiti.kz электрондық поштасына кері байланыс үшін байланыс деректерін көрсете отырып, түйіндеме жіберу қажет.

## Бұл аптада кімдер туылған?

**23.01.1943**
***Әбдуәлі ЖАҚСЫБАЕВ,***
*Түркістан облысының құрметті азаматы*

**23.01.1975**
***Ғабидолла ӘБДІРАХЫМОВ,***
*Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің кеңесшісі*

**25.01.1962**
***Қалдарбек ДОСЫМБЕТ,***
*Алматы облыстық сотының азаматтық істер алқасының төрағасы*

**25.01.1967**
***Маратәлі БЕКНАЗАРОВ,***
*Түлкібас аудандық сотының төрағасы*

**26.01.1962**
***Дархан МЫБАЙ,***
*Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты*

**27.01.1972**
***Баһадыр НАРЫМБЕТОВ,***
*«Nur Otan» Партиясы Шымкент қалалық филиалы төрағасының бірінші орынбасары*

**28.01.1955**
***Рашид ТҮСІПБЕКОВ,***
*Қазақстанның құрметті судьясы*

**28.01.1962**
***Нұрғали ЕШЕНҚҰЛ,***
*№1 Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығының басшысы*



***Құрметті туылған күн иелері! Сіздерді «Айғақ» газетінің ұжымы туған күндеріңізбен шын жүректен құттықтайды!***

# МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАЛАРДЫҢ ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛУЫ - ҰДАЙЫ БАҚЫЛАУДА БОЛУЫ ТИІС

Дариға Назарбаеваның төрағалық етуімен 20 қаңтарда Сенат Бюросының отырысы болды, деп жазады Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының баспасөз қызметі.

Д.Назарбаева кіріспе сөзінде Парламент жоғарғы Палатасының жұмыс жоспары туралы айтты – депутаттардың қатысуымен бір жыл ішінде 80-ге жуық маңызды шаралар өтеді. Оның ішінде Сенатта алғаш рет аймақтар күндері өтетін болады.

Сенат басшысы сонымен қатар білім беру мен денсаулық сақтауды дамыту жөніндегі мемлекеттік жаңа бағдарламалардың орындалуына мониторинг жүргізу міндетін ерекше атап өтті. «Олардың толық әрі тиімді жүзеге асуы сенаторлардың назарында болуы керек деп санаймын. Халықты алаңдататын өзекті мәселелер бойынша Үкіметке нақты ұсыныстар беріп, заңдарға түзетулер енгізуіміз керек», - деді Д.Назарбаева. Сенат Бюросында депутаттардың қаңтар айының басындағы аймақтарға сапарларының қорытындылары туралы ақпарат тыңдалды. Палата төрағасының орынбасары Бектас Бекназаров сенаторлардың жұмыс сапарларын қорытындылай келіп, парламентшілер еліміздің ең шалғай ауылдарында 460-тан астам кездесу өткізгенін айтты. Еліміздің аймақтарындағы тұрғындар Парламент қабылдаған заңдар туралы егжей-тегжейлі хабардар болды. Кездесу барысында әлеуметтік қамсыздандыру және міндетті медициналық сақтандыру мәселелеріне баса назар аударылды. Олардың қатарында отбасындағы балалар санына қарай көп балалы отбасыларға сараланған жаңа мемлекеттік жәрдемақы енгізу; атаулы әлеуметтік көмектің қолданыстағы жүйесін өзгерту және аз қамтылған отбасылардағы балаларға арналған атаулы әлеуметтік көмекті кепілді әлеуметтік пакетпен толықтыру бар. Жұртшылық тарапынан қылмыстық, қылмыстық іс жүргізу заңнамасын жетілдіру және жеке адамның құқықтарын қорғауды күшейту, бюджет және салық заңнамасы, оңалту және банкроттық рәсімдері, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері көтерілген болатын.

Сенаторлар сапарлар қорытындысы бойынша салық демалысын енгізуге орай ауылдардағы бюджеттің төртінші деңгейіне қатысты бірқатар мәселелер туындағанын атап өтті.

Сенат басшысы Д.Назарбаева талқылау барысында үш жылдық салық демалысын ескере отырып, түсетін табыстарды өтеу тетігін пысықтауды ұсынды: «Жергілікті өзін-өзі басқаруда кеміп қалған қаражат орнын толтыру үшін осы үш жылға өтпелі тәртіп ұсыну қажет. Әрі қарай да, әрине, өзін-өзі басқаруға үйрету, жергілікті кадрларды дайындау, жергілікті халықпен жұмыс істеу үшін қаражат қарастыру қажет».

Дариға Назарбаева сондай-ақ сенаторларға жергілікті жерлердегі істің жай-күйі туралы ақпаратты жинап қана қоймай және депутаттық сауалдармен шектелмей, қолда бар депутаттық өкілеттіктерді пайдалану және өңірлердегі азаматтардың проблемаларын шешуге тікелей атсалысу қажеттігіне Бюро мүшелерінің назарын аударды.




(Соңы. Басы 1-бетте)

# БЕРІК УӘЛИ: "АЛАШТЫ ӘЛЕМГЕ АБАЙ АРҚЫЛЫ ТАНЫТАЙЫҚ"

Жақында Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Абай және XXI ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласы жарық көргенінен жұртшылық жаппай хабардар деп ойлаймын. Президент мақаласында Абай әлемін бүгінгі күнмен, мемлекет құрылысымен, ел дамуымен байланыстыра отырып кеңінен талдау жасады. Бұл баршамызға Абай мұрасына жаңаша қарау керектігін аңғартты. Қасым-Жомарт Кемелұлы алғаш айналымға түсіп отырған «парасатты патриотизм» ұғымының басты шартын да осы мақаласында көрсетті. Оны «Біз енді ұлтты Абайша сүюді үйренуіміз керек. Ұлы ақын ұлтын қатты сынаса да, тек бір ғана ойды – қазағын, халқын төрге жетелеуді мақсат тұтты» деген тұжырымнан анық байқаймыз.

Абай мұралары екі ғасырға таяу уақытта көп зерттелді. Абайтанудың бастауы XX ғасыр басындағы қазақ тарихының оқшау құбылысы Алаш қозғалысы тұсынан басталады. Дегенмен, Абай мұраларына саяси философия тұрғысынан қарау – оның жаңаша қырларын аша түспек. Президенттің «Ол әділетті қоғам құру идеясын көтерген. Демек, Абайдың көзқарастары XXI ғасырдағы Қазақстан қоғамы, оның береке-бірлігі үшін аса құнды. Хакім Абай ұстанымдары өркениетті мемлекет қағидаларына үндеседі» дейтіні сондықтан. Осы арада Президенттің сайлауалды бағдарламасының негізгі тұғыры да «Әділдік» екенін еске салу артық болмас еді.

Абай Құнанбайұлы қазақтың ой ағынының тарихи бұрылысын жасады. Ол қазақ әдебиетін ғана емес, өзінен кейінгі тұтастай ойлау жүйесін жаңа арнаға бұрған данышпан. Ендеше, Абайдың ізін баса алаштың тууы заңдылық еді. Олар Абай аңсаған «әділетті қоғам» ғана емес, Абай жүйелеген күллі адамдық, кісілік құндылықтарды тұтас елдік мінезге айналдыруды мұрат тұтты. Әлихан Бөкейханның, Ахмет Байтұрсынұлының, Міржақып Дулатұлының Абай туралы толғамдарынан осы аңсар көрінеді.

Абай айналасына үлгі шашып, сәуле түсіріп отырған. Заманында Абайдың айналасында жүріп, өнегесін көрген белгілі ақындар көп. Бұл турасында Қайым Мұхаммедханов ақсақал арнайы зерттеу де жасаған. «Абайдан соңғы ақындар» кемеңгердің ыңғайымен бағдар алып, бағыт тауып отырғаны белгілі. Сондай ақынның бірі – Көкбай. Ол хәкім туралы естелігінде өзіне Абайдың арнайы тапсырма беріп, Кеңесары-Наурызбай тарихынан дастан жазуды жүктегенін айтады. Тіпті, Көкбай өзінің Наурызбайдың Ағыбайдан сыйға алған атақты «Ағауыз» аты туралы шумақтарын Абай жақтырмай, «Мынауың Наурызбай мінетін ат емес» деп сынап, ертесі «Шоқпардай кекілі бар, қамыс құлақ» атты өлеңін жазып, оны да ұнатпай, «Бұл да мес болып кетті» деп өкінгенін де жазады.

Бұл жерде мәселе ат туралы емес, бүгінде жұрт тамсанып, ат сынының үлгісіне айналдырған «Шоқпардай кекілі бар, қамыс құлақ» Наурызбай мінген «Ағауыздың» шеніне келмесе, Наурызбай мінген ат қандай болғаны? Ал ол атты мінген Наурызбай ше? Оның ағасы хан Кене мінген «Көкбурыл» қандай? Меніңше, Абай сөзінде, сол ерлерге деген шексіз құрмет пен сүйініш жатса керек. Ол рухты баһадүрлерге деген құрметін осылай аңғартқандай әсер қалдырады. «Жапырағы қураған ескі үмітпен» елдің еңсесін көтеретін намысты аңсайтын көңілінің зарығын солай білдірсе керек.

Абай Құнанбайұлы да өз заманының перзенті. Тұтастай алғанда Азиялық, берісін айтсақ, түркі-қазақтық ойлау жүйесі жеке тұлғалардың жетекшілігіне көбірек сенеді. Біздің фольклорымыздың қаһармандары да осыны аңғартады. Аңдап қарасақ, жырларымыздың бәрінде жалғыз атты ерлер елді теңдікке жеткізіп жатады. Эпостың ортасында туған, батырлар жырының сарынымен өскен Абайдың да осындай рухпен тәрбиеленгені даусыз. Абылай хан дәуірінің асқақ дауысы әлі құлағынан кете қоймаған заман үшін Кенесарының қайғылы уақиғасы сондай тосын әрі жан тебірентерлік еді. Отарлықтың да қос өкпеден қысқан шеңгелі енді батып келе жатқан уақыттың тумасы осы үш үлкен ағынның қиғанында, дәуір сапарының бұрылысында, тарихи кезеңнің өларасында есейді.

Тақсыз хан, тақталы би Құнанбайдың ауылы қандай данышпан ойлар мен даңсалы аңсарлардың тоғысатын жері болғаны онсыз да түсінікті болса керек. Бірақ Абай толыса келе:

*«Арзан, жалған күлмейтін,*
*шын күлерлік,*
*Ер табылса жарайды,*
*қылса сұхбат...» –*

дейді. Абайдың ері кім? Жақсысы қандай? Осы сұрақтардың жауабы бізге Абай тұлғасын ғана емес, кешегі заман суретін, бүгінгі күннің келбетін, болашақтың сұлбасын көруге септесерлік анық бағдар болар еді.

*«Туғызған ата-ана жоқ,*
*Туғызарлық бала жоқ.*
*Туысқан, туған, құрбылас,*
*Қызығымен және жоқ»,* – деп және налиды. Тағы да сұрақ. Абай аңсаған «туғызарлық бала» кім? Ол қандай азамат болмақ?

Хакімнің сөздерін саралаcақ, бұл сұрақтардың жауабы алдымыздан шығады. Абайдың шығармаларын зерделеп оқысақ «Әділдік, арлылық, махаббат» ұғымы сайрап тұр.

«Мазлұмға жаның ашып, ішің күйсін,
Харакет қыл, пайдасы көпке тисін.
Ежелден көптің қамын тәңірі ойлаған,
Мен сүйгенді сүйді деп иең сүйсін».

«Пайдасы көпке тиетін» харекет - ғылым мен білім. Абайдың тұтас мұрасында теңдікке жетудің, елді қатарға қосудың жалғыз жолы – білімді ерлер екені өзекке айналған. Президент мақаласында да «Абай қазақтың дамылсыз оқып, үйренгенін жан-тәнімен қалады. «Ғылым таппай мақтанба» деп, білімді игермейінше, биіктің бағына қоймайтынын айтты. Ол біз ғылымды сатып, мал іздемек емеспіз деп тұжырымдап, керісінше, ел дәулетті болу үшін ғылымды игеру керектігіне назар аударады деген пайым бар.

Абай осы жолда өзі де, Құнанбай әулеті ұрпақтарын да жетелейді. Інісі Халиолланы өз қаражатымен оқытты. Тіпті, қыздарына дейін Семейге әкеліп, заманның оқуына кіргізді. Десе де, ең үміт күткен баласы Әбіш еді. Бірақ ғұмыры қысқа болғаны баршаңызға белгілі. Бұл қаза Абайға өте ауыр соқты. «Кешегі өткен ер Әбіш» деп күңіренді. Осы күңіреніс тұсында біз жоғарыда айтқан «Абайдың ЕРІ кім?» деген сұраққа жауап шығады. Абайдың ері – зама-нының ғылымы мен білімін игеріп, білімнің шыңына шыққан Әбіш сияқты азаматтар. Әбіш сияқты азаматта Кенесарының рухын, Абайдың білімін тұтастай тұла бойына жинақтаған жаңа заманның өр ұландары болатын. Ендігі заман білектің емес, білімнің заманы екенін қапысыз ұққан, қайраусыз жаңылған тұтас буын келе жатыр еді.

Сол үлкен қазаның үстінде хакім:

*«Жаңа жылдың басшысы ол,*
*Мен ескінің арты едім.*
*Қайғы деген ащы сол,*
*Сүйекке тиді қарт едім»,* – деп толғанады. Иә, жаңа жылдың басшысы Әбіштер еді. Бірақ жалғыз Әбіш қана ма? Данышпан Абайдың өзі айтқан «Кім жаман болса, замандасы кінәлі». Енді мұның келесі жағы бар. Егер жақсы болса...

Әбіштің замандастары Әлихандар мен Ахметтер еді. Қара ормандай қаулап келе жатқан Алаш қозғалысының боздақтары болатын. Олар қазақтың «Қайта өрлеу» дәуірін туғызуға келе жатқан тұтас буын. «Жаңа жылдың жаршысы» болған олар қазақтың алғашқы газетін шығарып, тұтас терминологиясын қалыптастырды. Қазақ ғылымы тұтастай сол Алаш қозғалысы тұсында қалыпқа түсті. Қазақтың әдебиет теориясы, лингвистикасы, тұтастай жаратылыс ғылымы, шығыстану, тұтас академиялық ғылымының саласында Алаш арыстары тұр. Қазақтың алғашқы партиясын құрып, еуропалық үлгідегі жаңа мемлекеттің іргесін қалаған да солар.

Данышпан Абай осыны сезген. Хакім оны ғана емес, олардың қайғылы тағдырын да сезген сияқты. «Көк тұман келеді айдап көп сүретті», – дейді. Әулиелік дерсіз.

Алаш азаматтары да енді тек ғылым мен білім ғана жеңетін заман келгенін қапысыз ұқты. Ғылымға шөліркей ұмтылды. Біздің де заманымыз солай. Ғылым мен білімнің заманы. Ал ғылым мен білім маңдай терлемей келмек емес. XXI ғасырдағы Қазақстанға хакім Абай XIX ғасырдан осындай өсиет айтады. Ол өсиет ескірмейді. Алаш азаматтары сияқты өсиетке адал болу біздің де міндетіміз. Президент «Әлемдік мәдениетте Абайды қаншалықты жоғары деңгейде таныта алсақ, ұлтымыздың да мерейін соншалықты асқақтата түсеміз», – деді мақаласында. Бұл да біздің мемлекеттік саясатымыздың басым бағыты екені даусыз.

Ендігі міндет – Алашты әлемге Абай арқылы таныту, жаңа ғасырдағы Қазақстанның, жас ұрпақтың кескін-келбетін, бағыт-бағдарын Абай мұрасы мен өнегесінің негізінде қалыптастыру. Бұл жолда тұтас қоғам бірігіп, бір үйдің баласындай, бір қолдың саласындай жұмылып жұмыс істеуі керек деген ойдамыз. Өйткені, біз осы арқылы өз болашағымыздың, ел келешегінің керегесін кеңейтіп, шаңырағын тіктей түсеміз.

**Берік УӘЛИ,**
*Қазақстан Республикасы*
*Президентінің Баспасөз хатшысы*

*"Egemen Qazaqstan"*

# ТҮҚЖБ САЛЫМШЫЛАРЫ 100 МЫҢҒА ЖАҚЫНДАДЫ

Жаңа жыл қарсаңында Шымкент қаласында «Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ-ның бесінші Кеңес беру орталығы ашылды. Орталық Рысқұлов пен Қонаев көшелерінің қиылысында орналасқан. ТҮҚЖБ Шымкент филиалы бөлім басшысы Нұрлан Сұлтановтың қатысуымен аталмыш Кеңес беру орталығының қызыл лентасы қиылды.



*Нұрлан Сұлтанов*

— Жаңа жылдың қарсаңында Шымкент қаласының тағы бір аумағынан өзіміздің банктің №5 халыққа кеңес беру орталығын ашқалы отырмыз. Жалпы Қазақстан бойынша банктің 1,5 млн. салымшысы бар. Соның ішінде Шымкент филиалының салымшылары жүз мыңға жақындады. Біздің депозиттік портфеліміз 50 млрд. теңгеден асты. «Бақытты отбасы» бағдарламасымен 2160 адам «Әскери баспана» бағдарламасы арқылы 216 әскери қызметкер үйлі болуға мүмкіндік алды. Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі филиалдарының арасында Шымкент филиалы республикада төртінші орында тұр. Қазір банк жүйесі бойынша бірінші, депозит, кредиттік портфель жөнінен төртінші орындамыз. Банк мемлекеттік болса да, түскен салым пайда әкелуге тиісті. Кредиттік портфельдегі 43,4 млрд. теңге салымның есебінен құралған сома. «Бақытты отбасы», «Әскери баспана», «Нұрлы жер», «Нұрлы жол», «Жас отбасы», «Өз үйім» бағдарламалары содан қаржыландырылады, - дейді филиалдың бөлім басшысы Нұрлан Сұлтанов.

Бұдан былай, ТҮҚЖбанкі барлық кеңес беру орталығында, Клиенттер тек депозит қана ашып қоймай, сондай-ақ, кредит алу үшін өтінім беріп, несие бойынша өз мүмкіндіктерін алдын-ала бағалай алады.

**КЕҢЕС БЕРУ ОРТАЛЫҚТАРЫ**
*төмендегі мекенжайда орналасқан:*

- Шымкент, Рысқұлов көш. "Гипер Хаус" сауда орталығы;
-Шымкент, Қонаев даңғылы, "Алтын" сауда үйі.
-Шымкент, Асқаров көшесі, 32 үй
-Шымкент, Рысқұлов көш. "Север" сауда үйі.
-Шымкент, Рысқұлов көшесі 10а, Қонаев қиылысы "Автомир" сауда үйі

Кеңес беру орталығында депозиттік шоттар ашудан бөлек ипотекалық несиелер де ресімделетін болады. Биыл 23,8 млрд. теңгеге 2190 заем берілді. Салымшылар қаржы жинақтап 2-8,5 пайызбен баспана алуға мүмкіндіктері бар. Сондай-ақ, депозитінде биыл 530 мың теңге жиналған әрбір салымшыға 106 мың теңге мемлекеттік сыйақы түседі Сыйақыға қол жеткізу үшін жыл соңына дейін депозиттегі шотын толтырып 200 АЕК Ч2651 (1 АЕК) = 530 200 теңге. Бұл кезде 20% максималды мемлекеттік сыйлықақы түседі. Ягни - 106.400 теңге түседі. Сыйлықақы 200 АЕК сомасына ғана есептеледі.

# ДЕНСАУЛЫҚ ДІТТЕГЕН МІНДЕТТЕР МЕЖЕСІ




**Бүгінгі Түркістан, Кешегі Оңтүстік Қазақстан облысы Шымқаланы шырайландырып қана қоймай, халқының санын көбейтіп, мегаполиске айналдырып, еншісін беріп, шығарып салды. Енді жаңа атауды, жаңа орталықты иеленген облысымыз Түркістан қаласын да түлетіп, түрлендіріп және тезірек мегаполиске айналдырса, нұр үстіне нұр болар еді-ау. Мәселеге бүгінгі әлеуметтік-экономикалық жағдай тұрғысынан ғана қарайтын болсақ, бұл әл-әзірге қиын да болып көрінер. Бірақ «Талабың мүмкіндігіңнен зор болсын» демей ме Бауыржан атамыз. Талап қылсақ, Құдай берсе, әні-міне дегенше ол күнге де жетерміз. Мұның сыртында Солтүстік облыстарды қазақтандыруға атсалысуды да жалғастыра беруіміз аса қажет-ақ.**

Бұл мәселеге облыс, қала, аудан әкімдіктері мен барлық салалық мекемелердің түгелдей дерлік қатысы бар. Алайда, денсаулық саласы тікелей жауапты десек, асыра айтқандық емес. Өйткені, тұрақты табиғи өсімді қамтамасыз ету үшін, бірінші кезекте халықтың денсаулығы жақсы болуы керек. Осы тұрғыдан алғанда Түркістан облысының Қоғамдық денсаулық басқармасы өткен жылы не істеді деген мәселе өз өзінен алдымыздан шығады.

### *Халық саны*

Әуелі халық санына қатысты бірер сөз. Бүгінгі таңда Түркістан облысы халқының саны екі миллионға жуық. Нақты айтсақ, облыста 1981600 адам тұрады. Оның ішінде балалар саны - 750,2 мың, жасөспірімдер саны - 102,6 мың, ересектер саны - 1128,8 мың. Ал туу жасындағы әйелдер саны - 436,5 мың. Міне, осынша әйел затының, егер жағдайы болса, облыс халқының санын арттыруға атсалысуға мүмкіндігі бар деген сөз.

### *Медициналық ұйымдар*

Түркістандықтарды медициналық қызметпен қамтамасыз ету үшін облыста 20 амбулаториялық-емханалық ұйымдар, 30 ауруханалық ұйымдар қызмет етеді. Сондай-ақ, 3 балалар санаториясы, 1 ересектерге арналған санаторий, 1 жедел медициналық көмек станциясы, 1 салауатты өмір салтын қалыптастыру орталығы, 1 паталогоанатомиялық бюро және 1 облыстық бас қойма жымыс істейді. Орта буын қызметкерлерін әзірлейтін 2 медициналық колледж бар. Олар Түркістан және Жетісай қалаларында орналасқан. Бұлар облыстық Қоғамдық денсаулық басқармасына қарасты медициналық нысандар. Бұдан бөлек Қожа Ахмет Яссауи атындағы халықаралық Қазақ-Түрік университетінің емханасы да облыс жұртшылығына қызмет көрсетеді. Сондай-ақ, аталмыш университеттің медициналық факультеті жоғары білімді медицина мамандарын даярлауда айтарлықтай үлес қосып келеді.

### *Медициналық қызметкерлер*

Түркістан облысы бойынша дәрігерлер саны - 5300, орта буын медицина қызметкерлерінің саны - 18087. Дәрігерлердің білімін жетілдіру мәселесі де жолға қойылған. Өткен жылы «Кадрлардың біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау» бағдарламасы бойынша 2587 маман біліктілігін арттырған. Оның ішінде 149 маман шет елдің (Новосибирск, Мәскеу,Түркия) клиникаларында білімін жоғарылатып, тәжірибе алмасып қайтқан.

### *Заманауи құрал-жабдықтар*

Халыққа сапалы медициналық қызмет көрсетуде заманауи құралжабдықтың алар орны ерекше. Тіпті, онсыз сапалы медициналық қызмет туралы айтудың өзі артық. Ал 2019 жылы облыста бұл мәселе бойынша не атқарылды?

Облыстық Қоғамдық денсаулық басқармасының мәліметтеріне сүйенсек медициналық нысандарды жарақтандыру, жабдықтау өткен 12 айда 71 пайызды құраған. «Бірінші кезекте ана мен бала, жансақтау, ота жасау, жедел жәрдем қызметтерін күшейтуге ден қойылды», дейді басқарма басшылығы. Атап айтқанда, жансақтау бөлімшелеріне 5 дана лопороскопиялық хирургияға арналған видеоэндоскоптық жиынтық, 3 дана ЛОР-комбайн, 5 дана рентгендік С-дуга құрылғысы, 12 дана ультрадыбыстық жүйелер, 33 дана наркоз аппараттары мен өкпеге жасанды дем беру құрылғылары, 110 дана неонаталдық мониторлар және ана жатырын тексеретін мониторлар, 26 дана нәрестеге арналған өкпені жасанды желдету, 2 дана компьютерлік томограф, 146 дана 4 секциялық функционалдық кереует алынып, медициналық нысандар заманауи құрал- жабдықтарымен жабдықталған.

### *МӘМС-тің мәнін түсіндіру*

Адам жанының арашасысы болып келе жатқан дәрігерлерге «Ақ халатты абзал жандар» деген құрметті атақ берілгелі қашан. Алайда, еліміз бойынша соңғы уақыттарда сол атаққа ақау, құрметке көлеңке, сеніміне селкеу түсе бастағандай. Бұған оқтын-оқтын жүргізіліп келе жатқан реформалардың да әсері болуы мүмкін. Сондай реформалардың бірі соңғы жылдары қолға алынған МӘМС, яғни Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруды ендіру болып тұр. Бұның да халыққа ұнай қоймағаны, жұрттың түсінбей, түсінгісі келмей жатқаны бар. Бәлкім, содан да болар, өткен жылы атқарған жұмыстарының есебіне қарасақ, облыстық Қоғамдық денсаулық басқармасы негізгі күшін осы мәселеге жұмсағандай.

Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруды ендіру мәселесі жөнінде 3 рет өңірлік штаб отырысы өткен. Түркістан облысы бойынша 2019 жылға міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесін енгізуде ақпараттық түсіндіру жұмыстарын жүргізу үшін, Жол картасы және өңірлік штабтың іс шаралар жоспары бекітілген.

Облыс бойынша МӘМС тақырыптарына тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көлемі пакеті мен МӘМС пакеттерінің айырмашылығы бойынша 5 086 дәрігерлер, 17 486 мейірбикелер, 1 705 тіркеуші және 95 әкімшілік қызметкерлері каскадты оқыту әдісімен 100% оқытылған. «Жоспар бойынша бекітілген кестеге сәйкес, аудандар мен қалалар бойынша Түркістан облыстық қоғамдық денсаулық басқармасы, «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» Түркістан облысы бойынша филиалы, Түркістан облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы, Түркістан облыстық қоғамдық даму басқармаларының қатысуымен міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруды енгізу жөнінде ақпараттық түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Бүгінгі таңда 428 спикерлермен облыстың медициналық ұйымдарында облыс тұрғындарымен, жұмыс берушілермен, жеке кәсіпкерлермен және өзін – өзі жұмыспен қамтыған азаматтар арасында медициналық көмектің сапасы мен МӘМС жүйесінің ендірілуі түсіндірілді.

Сонымен қатар 10501 кездесу, 311 семинар, 1678 дәріс өткізіліп, 174 499 буклет, брошюра таратылды. Әлеуметтік желілерде 1751 материал жарияланды. Медицина ұйымдарының ішкі және сыртқы аулаларында 1523 баннер мен стендтер ілінген. Түсіндіру жұмыстарымен облыс орталығының барлық білім беру мекемелері (колледждер, лицейлер, мектептер, балабақшалар) қамтылды» дейді басқарма басшылығы.

Бүгінгі күнге азаматтардан МӘМСке жарналарды қабылдау функциясы қызметі бар өзіне-өзі қызмет көрсету терминалдары Бәйдібек, Түлкібас, Сарыағаш, Ленгір, Абай, Арыс, Кентау, Ордабасы, Созақ, Асықата, Мырзакент, Қазығұрт, Шардара, Атакент, Жетісай, Төлеби аудан ауруханаларында және Түркістан, Кентау, Ленгір қалалық емханаларында орнатылған. «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ Түркістан облысы бойынша филиалымен 75 медициналық ұйым өзара келісімшартқа тұрып, қызмет көрсетіп жатыр.

Республикалық және жергілікті телеарналарда, газеттерде, ақпараттық порталдарда 2349 мақала жарияланып, «Время», «Южный Казахстан», «Айғақ» газеттеріне сұхбат берілді. Өңірлік коммуникация қызметі алаңында Қор филиалы және Басқарманың қатысуымен брифинг өтті. Брифингте журналистерге тегін медициналық көмек көлемі бойынша атқарылып жатқан жұмыстар, ТМККК және МӘМС пакеттерінің бекітілген моделі бойынша мәлімет берілді.

### *Қолданысқа берілген құрылыс нысандары*

2019 жылы 19 медициналық тіректер сатылып алынып, пайдалануға берілді. Бәйдібек ауданы – 6, Арыс – 9, Жетісай ауданы – 2, Отырар ауданы – 1, Қазығұрт ауданы – 1.

2019 жылы 8 денсаулық сақтау нысандарының құрылысы аяқталып, тапсырылған. Олар: Жетісай ауданындағы, ауысымына 500 келушіге арналған Жетісай қалалық емханасы. Мақтаарал ауданы, Атакент кентіндегі, ауысымына 250 келушіге арналған аудандық емхана. Мақтаарал ауданы, Мырзакент кентіндегі, ауысымына 250 келушіге арналған аудандық емхана. Кентау қаласындағы ауысымына 500 келушіге арналған қалалық емхана. Сайрам ауданы, Ақсукент ауылындағы, ауысымына 500 келушіге арналған аудандық емхана. Түркістан қаласындағы №3 облыстық перинаталды орталығының ғимаратына жапсарлас 150 төсекорынға арналған ғимарат құрылысы, Сарыағаш ауданы, Қызылжар ауылдық округінде "Қызылжар" дәрігерлік амбулаториясының құрылысы, Сарыағаш ауданы, Дербісек ауыл округі, Қаратөбе ауылында ауылдық емхананың құрылысы аяқталып, тапсырылған. Айта кететін мәселе, бұл медициналық нысандардың құрылысы облыстық құрылыс басқармасының тапсырысы бойынша жүргізілген.

### *Денсаулық саласын ақпараттандыру*

«Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы бойынша облыстық қоғамдық денсаулық басқармасына қарасты 40 медициналық ұйым 100 пайыз медициналық ақпараттық жүйеге қосылған. Қазіргі таңда облыс бойынша 3 медициналық ақпараттық жүйесі (ДАМУМЕД, КАЗМЕДИНФОРМ, КӨМЕК) жұмыс жасауда. Түркістан облысында 755 медициналық нысан қызмет атқарса, сонын интернетке қосылғаны – 562. Қалған 193 медициналық нысанды 2021 жылға дейін қосу жоспарланып отыр.

Бүгінгі таңда облыс бойынша 9395 дәрігер мен орта буынды сала қызметкерлерінің жұмыс орындары 100% компьютерлік техникамен жабдықталған.

Басқармаға қарасты медициналық нысандар 100% компьютерлік техникамен қамтамасыз етілген. Қала және аудан орталықтарындағы медициналық ұйымдардың интернетке кіру мүмкіндіктер 100 пайыз. Ауылдық округтерінде интернет желісімен 73% қамтылған. 2021 жылға қарай 100 пайызға дейін қамтамасыз ету жоспарланып отыр. Облыс тұрғындары электрондық паспортпен 100% қамтылған. Дәрігердің қабылдауына алдын ала жазылу қазіргі уақытта электронды түрде атқарылуда. Медициналық ұйымдар (100%) ішінара қағазсыз, құжат айналымына ауыстырылған.

Міне, облыс жұртшылығының денсаулық саласына жауапты басқарманың бір жыл ішінде атқарған жұмыстары осындай...

**Сейсенбай АХМЕТ**

## Жекешелік әріптесті анықтау мақсатында конкурс өткізу бойынша ХАБАРЛАМА

